

## **Ішкі бақылау қызметтерін құру рұқсат етілетін мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі N 931 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 235 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 141-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған ішкі бақылау қызметтерін құру рұқсат етілетін мемлекеттік органдардың тізбесі бекітілсін.

2. Көрсетілген тізбеге енгізілген мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерін құруы бекітілген штат саны шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасындағы ведомстволық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 маусымдағы N 539 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 24, 302-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 маусымдағы N 539 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 3 қаңтардағы N 3 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 1, 3-құжат).

4. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*П р е м ь е р - М и н и с т р і*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      3                      қ ы р к ү й е к т е г і

N     9 3 1                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ішкі бақылау қызметтерін құру рұқсат етілетін мемлекеттік органдардың тізбесі**

*Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.22 N 159 , 2005.05.12 N 447 , 2008.10.07 N 924 Қаулыларымен.*

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігін жүргізу жөніндегі комитет
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
7. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
12. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- 12-1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
13. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
14. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі